Бекітемін _____
№49 «Алтынай» балабақшасының
меңгерушісі Г.А.Калиякасова
«31» 08 2026 жыл

№49 «Алтынай» балабақшасында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер.

1.1. Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5-бабы 31тармақшасына, «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу ағарту министрлігінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығына, мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын жарғысына сәйкес № 47 «Ақ желкен»балабақшасы үшін әзірленген.

1.2. Психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету (бұдан әрі - ППҚ) ұйымдық құрылым ретінде түсініледі, оның құрамына меңгеруші, әдіскер, педагог-психолог, логопед, педагог-дефектолог, тәрбиешілер, педагог-ассистенттер кіреді.

1.3. Психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету оқу-тәрбие үрдісінің қатысушыларына әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық қолдау көрсетеді, олардың бірлескен қызметінде ынтымақтастығын нығайтады.

1.4. ППҚ ұжымының қызметі баланы тұлға ретінде дамыту мен жеке өмірін қорғауын қамтамасыз ету бойынша заңнамалық актілерді қатаң сақтауға негізделген. Педагогикалық ұжым ҚР «Білім туралы» Заңын, бала құқықтары туралы Конвенцияны,«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу ағарту министрлігінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығын, кәсіпорын Жарғысын, осы Ережені басшылыққа алады.

1.5. Педагогикалық ұжым мүшелерінің қызметін басқаруды, үйлестіруді және бақылауды балабақша меңгерушісі жүзеге асырады.

1.6. Балабақша меңгерушісі өз қызметінде келесі қағидаларға сүйенеді:

- құпиялылық қағидасы;
- құзыреттілік қағидасы;
- жауапкершілік қағидасы;
- этикалық және құқықтық заңдылық қағидасы;
- психологияны білікті насихаттау қағидасы;
- тұтынушының әл-ауқаты қағидасы;
- кәсіби ынтымақтастық қағидасы;
- сауалнаманың мақсаттары мен нәтижелері туралы тұтынушыны хабардар ету қағидасы.

1.7. ППҚ өз жұмысын білім беру, денсаулық сақтау мекемелерімен ІІО-мен, Білім басқармасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі маманымен байланыста жүзеге асырады.

2. Мектепке дейінгі ұйымның психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты, міндеттері және мазмұны

2.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты – балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, толыққанды психикалық және жеке дамуы үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ететін тұтас жүйені құру, білім беру процесінің барлық қатысушыларының психофизикалық денсаулығы мен эмоционалдық саулығын сақтау және нығайту.

2.2. Міндеттері:

- МДҰ-ның тәрбие-білім беру процесіне қатысушыларына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- балалардың жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олармен топтық және жеке жұмыстар жүргізу;
- МДҰ жұмысының инновациялық өзгерістері жағдайында балалардың дамуы мен өмір сүруі үшін оңтайлы жағдайлар жасау;
- Баланың даму заңдылықтары, оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ұйым қызметкерлері мен ата-аналардың психологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ету.

2.3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі МДҰ-ның тәрбие-білім беру қызметін психологиялық, педагогикалық сүйемелдеуді келесі бағыттар арқылы жүзеге асырады:

- психодиагностика;
- дамытушылық және түзету жұмыстары;
- кеңес беру;
- ұйымдастырушылық – әдістемелік жұмыс;

3. Мектепке дейінгі ұйымның психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының құқықтары мен міндеттері

3.1. МДҰ тәрбиелеу және оқыту процесінде тәрбиеленушілердің соматикалық және әлеуметтік сауаттылығын сақтауға бағытталған кәсіптік қызметті жүзеге асырады.

3.2. Бала құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі.

3.3. МДҰ әлеуметтік саласын үйлестіруге ықпал етеді және әлеуметтік бейімсіздіктің пайда болуының алдын-алу шараларын жүзеге асырады.

3.4. Тәрбиеленушілердің жеке басының дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтайды және психологиялық көмектің әртүрлі түрлерін көрсету бойынша шаралар қабылдайды.

3.5. Тәрбиеленушілерге, олардың ата-аналарына (оларды ауыстыратын тұлғаларға), педагогикалық ұжымға нақты мәселелерді шешуде кеңес беру түрінде көмек көрсетеді.
3.6. Заманауи білім беру технологияларын, соның ішінде ақпараттық, сондай-ақ цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, психологиялық диагностика жүргізеді.
3.7. Педагогикалық және психологиялық ғылымдар, жас психологиясы және гигиена, сондай-ақ заманауи ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктерге сүйене отырып, диагностикалық, психокоррекциялық, оңалту, кеңес беру жұмыстарын жүргізеді.
3.8. Педагогикалық ұжымда, сондай-ақ ата-аналарды (оларды алмастыратын адамдарды) бағдарлау мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық-педагогикалық қорытындылар жасайды.
3.9. Құжаттаманы белгіленген нысан бойынша, оны мақсаты бойынша пайдалана отырып жүргізіледі.
3.10. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру қызметінің дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және әзірлеуге, мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес даярлық деңгейін қамтамасыз етуге қатысады.
3.11. Тәрбиеленушілердің өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау жолында әртүрлі жағдайларында бағдарлау жүргізуіне ықпал етеді.
3.12. Тәрбиеленушілерге психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың дамуына және дамытушы ортаны ұйымдастыруға жәрдемдеседі.
3.13. Тәрбиеленушілердің дамуындағы (ақыл-ой, физиологиялық, эмоционалдық) ауытқу, сондай-ақ әлеуметтік дамуының ауытқу дәрежесін айқындайды және оларға психологиялық-педагогикалық түзету жүргізеді.
3.14. Тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлердің және ата-аналардың (оларды алмастыратын адамдардың) психологиялық мәдениетін қалыптастыруға қатысады.
3.15. Педагог қызметкерлерге, ата-аналарға (оларды алмастыратын адамдарға) тәрбиеленушілерді дамыту, іс жүзінде педагогикалық міндеттерді шешу барысында психологияны қолдану, әлеуметтік – психологиялық құзыреттілігін арттыру мәселелері бойынша кеңес береді.
3.16. Тәрбиеленушілердің даму және білім беру деңгейлеріне қол жеткізуі мен растауын талдайды.
3.17. Өз қызметінде компьютерлік технологияларды, соның ішінде мәтіндік редакторлар мен электрондық кестелерді пайдалана отырып, тәрбиеленушілердің жеке басының дамуын ескере отырып, педагог қызметкерлер мен педагогикалық ұжымның білім беру қызметінің тиімділігін бағалайды.
3.18. Педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, әдістемелік жұмыстың басқа да нысандарына, ата-аналар жиналыстарын, сауықтыру, тәрбиелеу және білім беру бағдарламасында көзделген басқа да іс-шараларды

дайындау мен өткізуге, ата-аналарға (оларды алмастыратын адамдарға) әдістемелік және кеңестік көмекті ұйымдастыруға және өткізуге қатысады.
3.19. Білім беру процесі кезінде тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтауын қамтамасыз етеді.
3.20. Еңбекті қорғау ережелері мен өрт қауіпсіздігі ережелерін орындайды.
3.21. Өз қызметін жүзеге асыру кезеңінде азаматтық, әкімшілік және қылмыстық заңнамаға сәйкес жасалған құқық бұзушылықтарға жауап береді.
3.22. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес материалдық залал келтіруіне жауап береді.

4. Педагогикалық-психологиялық қолдау қызметін қамтамасыз ету

4.1. ППҚ қызметін МДҰ меңгерушісі қамтамасыз етеді.

4.2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмысының ерекшелігі мен талаптарын ескере отырып, мамандардың кәсіби міндеттерін табысты орындау үшін қажетті жағдайлар жасалады.

4.3. Мамандардың жұмыс кестесі әкімшілікпен келісіледі және әдістемелік жұмыс пен біліктілікті арттыру жұмыстарының қажеттілігі ескеріледі.

5. Психологиялық – педагогикалық қолдау қызметі кабинетінің құжаттамасы

5.1. ППҚ қызметінің оқу жылына арналған жұмыс жоспары.

5.2. ППҚ қызметінің оқу жылындағы жұмысы туралы есебі.

5.3. Балалардың психологиялық даму карталары.

5.4. Диагностикалық материалдар.

5.5. Оқу-әдістемелік материалдар.

5.6. Мамандардың құжаттары.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Ереже МДҰ меңгерушісінің бұйрығымен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

6.2. Осы ереже МДҰ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін реттейтін құжат болып табылады.